

Жыры болған - Отырар.
Фарабиді өмірге,
Алып келген - Отырар.
Шырқау шыңның өріне,
Бақыт берген - Отырар.
Ұлы көсем Қайырға,
Намыс берген - Отырар.
Тарихы бар бес елі,
Сұлу көркем - Отырар.
Ұлылардың мекені,
Ұлы өлкем –Отырар

Елдіктің ордасы, Бірліктің мекені атанған Отырардың шоқтығы биік екендігі белгілі. Олай болса ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған қасиетті Отырардың тарихына бойлау-әрбіріміздің үлкен мақсат-мүддеміз, баршамыздың борышымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ортағасырдағы Отырар керамикасы.-Алматы:Өнер,1991.-212 б.
2. Байпақов К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар.-Алматы:Қазығұрт,2007.-248 б.
3. Қазақстан тарихы энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы:Аруна баспасы,2006.-764 б.
4. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары.-Алматы:Аруна Ltd, 2007.-384 б.
5. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан.-Алматы: Қазақстан, 1992.-198 б.
6. Қазақстан тарихы(Көне заманнан бүгінге дейін).Бес томдық.1-том.-Алматы: Атамұра.2010.-544 б.

МЕДИЦИНА ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ : ДӘМЕШ ЕРМЕКОВАНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ - ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСТЕГІ РӨЛІ

Нұрболат Д.

Ғылыми жетекшісі:Абдрахманова К.Ж.
Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
nrbolatdina@gmail.com
Қарағанды қ.

Тәуелсіздік – мыңдаған жылда бір келетін бақ. 18 ғасырда бұл бақ қазақтың басынан тайып , тек 1991 жылы қайта қонды . Тәуелсіздік – жаңаша көзқарас пен айрықша серпілістің бастауы, арғы замандардан жеткен «мәңгі ел!» мұратының жалғасы. Ал Қазақстан азаттығының бірегей белгісі – тарих. Бостандық үшін күрескен бодан күн мен азаттықтың баяндылығы үшін тер төккен бүгінгі күннің тарихы. Сол тарихтың алаулы, жарқын кезеңі – Алаш тарихы. Бұлай деу – ақылға да сыйымды, шындыққа да сәйкес. Алаш – рәміздік сөз. Алаш – ұлтты ұйыстырған ұран. Алаш – қазақ қоғамы тәжірибесіндегі жаңару мен серпілудің, білім-ғылым мен батыл ізденістің, адалдық пен тәуекелшілдіктің жарқын беті. Сол себепті Алаш тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерделеу – жалпы Қазақстан үшін, елдің тәуелсіздік талаптары үшін әрқашан басымдық (приоритет) болып қалмақ. Сахарадай жазық, ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалып, ұлт ретінде династиялы өмір сүруімізге – Қазақ Ордасы жәрдемші болды десек, дербес мемлекет құрып, ұлтымыздың рухын көтеріп, саяси элита бір ортаға шоғырланып, тарих аренасына шығып, Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына Алаш қозғалысы сүбелі үлес қосқан болар еді. Алаш қозғалысы — XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, казактардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті күшейту мәселесі туындады. Бірақ енді зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша Бірінші орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларының әрекеттері кейініректегі Алаш қозғалысының бастамасы болды. Алаштықтар ұстанған «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жай-дан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы айма-ғы-мыз-дың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт Тарихымыздың осындай маңызды кезеңінде Алаш жолында жүріп, халық болашағы үшін күрескен , Әлихан Бөкейханұлы бастаған ұлт зиялыларына ниеттес болған дәрігерлердің бірі – Дәмеш Ермекова [0].

Дәмеш Еркемова көпке Темірбек Жүргеновтың жары ретінде және атақты Әлімхан Ермековтың қарындасы ретінде танымал болғанымен, ол кісі қазақтың алғашқы әйел дәрігерлерінің бірі. Қазақтардың арасында қыз баланың оқуы түгіл ер баланың оқуының өзі енді енді қанат жайып келе жатқан кезеңде Дәмеш ханым білім деген шынға тырмысып, қазақтың қараңғы көгіне өрмелеп шығып күн болғандардың қатарынан. Ол кісінің осылай білім алу жолына түсірген Дәмеш ханымның әкесінің інісі Әлімхан Ермеков пен оның әйелі Ракия Шагабетдиновна еді Дәмеш ханымның өз әкесі оның 17 жасында репрессия құрбаны болады, әрі қарай жас қыз Ә Ермековтың қарауында болады. Ә Ермековтың әйелі Ракия ханым хирург болатын, бұл Дәмеш ханымның дәрігер болуына тікелей әсер еткен факторлардың бірі. Жалпы Дәмеш Еркемова 1905 жылы Қарқаралы ауданына қарасты № 1 ауылда яғни, қазіргі Ақтоғай ауданының «Қызыларай» совхозында туған. 1927 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия Мемлекеттік университетінің медицина бөлімін ойдағыдай бітіріп, 1930-1933 жылдар аралығында әуелі ординатор болып еңбек етіп, одан кейін Өзбек Мемлекеттік медицина институтының аспирантурасына түседі. 1933 жылы жан жары. Т. Жүргеновтың жұмыс ауыстыруына байланысты Қазақстанға оралып, Қазақ Мемлекеттік медицина институтының терапевтік бөліміне орналасады. 1937 жылы тамызда оның күйеуі Темірбек Жүргенов – ҚазКСР Халық ағарту комиссары-қамауға алынды. 1938 жылы наурызда ол сотталып, атылды. Әкесі мен үш ағасы НКВД қолынан қаза тапты. Күйеуін тұтқындаудан айығып үлгермеген Дәмеш ханым үкімді өзіде тыңдады: Отанын сатқандардың отбасы мүшесі ретінде сегіз жылға 33 жастағы Дәмеш ханым Алжирге жіберілді. Олар оны 1945 жылы босатты, бірақ ол лагерь емханасында тағы екі жыл дәрігер болып жұмыс істеді. 1947 жылдан бастап ол қайтадан Қазми клиникасында жұмыс істейді, содан кейін "Бурабай" шипажайында және Қарағанды қаласында дәрігер болып қызмет етеді. Дәмеш ханым күйеуінен айрылып, лагерьде қамаудан бөлек жалғыз ұлы Шоратайдың өлімін басынан өткерді, Шоратай оқу кезінде Ташкентте қайтыс болды. Дәмеш ханымның кіші інісі Ұлы Отан соғысына өз еркімен аттанды және оралмады. Дәмеш Жүргенова 1957 жылы ғана ақталды, содан кейін ол жұбайының есімін ақтау процесін бастады. 1966 жылы ҚазКСР еңбек сіңірген дәрігері атағын алды. [0]

Жарқын өмір шырайын 1937 жылдың бұзғаны анық. Әуелі жолдасы «халық жауы» атанып, артынан өзі де осы қаралы аттың қамытын киді. «1938-1946 жылдар аралығында мен жазықсыз ұсталып, лагердің ащы дәмін таттым. Мұның өзі аққа жағылған қара күйедей уақыт еді», - деп жазады Дәмеш өз қолынан қалдырған өмірбаянында. Иә, Д. Еркемова осы кезеңдерде көп дүниеден қол үзді. Диссертация қорғау жөніндегі шешімі аяқсыз қалып, Қазақстан ғылымына қосылатын бір тың жұмыс халық игілігіне қызмет етпеді. Осы жолға жұмсалған қаншама күш, қаншама жігер құмға сіңген судай із-тозсыз жоғалды. Дәмеш ханым қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысқан еді. Институт қабырғасында жүргенде ол кісінің ұйымдастыруымен қыз-келіншектерге арналған қызыл мүйіз, кітапхана, лекция тыңдайтын, жеке сұхбат өткізетін залдар ашылып, қазақ тілінде шығатын көптиражды газет халық арасына таратылды. Көпшілік арасына үгіт-насихат жұмысын жүргізуге де белсене атсалысты. Өмір шырайына қара дақ қалдырған 1937 жыл зобалаңы жігерлі жанды жасыта алмаған. Сегіз жылдай АЛЖИР лагерінде болған Дәмеш ханым одан шыққан соң жарық дүниеге жаңа бір іңкәр ниетпен қарады. Өксікке ұрындырған уақыттан өз еншісін алып қалуға ұмтылды. Дегеніне жетті де. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері атанды. Ол кісі Алаш идеяларының бірі ғылым мен мәдениетті, қазақ қоғамында сауаттылықты арттыру идеясын насихаттауға көп үлес қосты. Дәмеш ханым өзінің дәрігерлік жолында әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғауға көп көңіл бөлді, ауылдық елді мекендерге барып медицинаны насихаттап, ауыл әйелдерін ағартушылықпен айналысты. Ол кісі Алаш идеяларының бірі ғылым мен мәдениетті, қазақ қоғамында сауаттылықты арттыру идеясын насихаттауға көп үлес қосты. Асыл әйел 1990ж өмірден озды. [0]

Шындығында мақала жазу барысында Дәмеш ханым туралы ақпарат табу қиынға соқты, бірақ сондай қиын заманда өте көп қажырлы еңбек пен алтын уақытқа айырбастап алатын саналы түрде ұғынып үлкен жауапкершілікті мойнына алатын өте күрделі салада білім алып, халықын қызмет жасаған қазақ қызы туралы білгім келді, басқалардың білгенін қаладым. Өкініштісі, Дәмеш ханымның аты тек бір ғана интернет көзінде алаш идеясына үлес қосқан алғашқы қазақ дәрігері ретінде аталып өтті, қалған деректердің барлығында ол кісіні Темірбек Жүргеновтың жұбайы деп атап көрсетіп, ол кісілердің қарым – қатынасы туралы жаған екен, Мен ол кісіні мақаламда Жүргеновтың жұбайы деп емес, жүрегі қазағым деп қазақ қызы деп, өз заманынан озып туған, бар білімін халық игілігіне жұмсаған алаш идеясы үшін күресте атсалысқан дәрігер ретінде таныстырғым келді. Сондықтан ол кісінің күйеуімен қарым-қатынасы туралы жазған жоқпын. Қазіргі таңда алаш қозғалысына үлес қосқан дәрігерлер туралы деректер өте аз. Тек Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров сияқты дәрігерлер туралы ғана ақпараттар бар, қазақ әйелдерінің арасынан шыққан дәрігерлер туралы ақпараттар өте аз, тіпті жоқтың қасы. Бұл қазіргі таңдағы қап, неге екен дегізіп, іш күйдіретін жағдайлардың бірі. Соған қарамастан қазақ дәрігерлеріміздің кәсіби тұрғыдан бөлек Алаш қозғалысына атсалысып, Алаш идеясын дамытуға қатысқандары мен үшін – болашақ дәрігер үшін үлгі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://egemen.kz/article/14950-tauelsizdik-dgane-alash>
2. <https://el.kz/d-mesh-ermekova-zh-rgeneva-aydynyn-a-sa-an-a-ular-21757/>
3. <https://zhalagash-zharshysy.kz/qogam/memleket-zhaene-qogham-qajratkeri-temirbek-zhuergenovtyng-zajyby-daemesh-ermekova-zhuergenovagha-koeshe-aty-berildi/>

4. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D3%99%D0%BC%D0%B5%D1%88_%D3%98%D0%BC%D1%96%D1%80%D1%85%D0%B0%D0%BD%D2%9B%D1%8B%D0%B7%D1%8B_%D0%95%D1%80%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%B0-%D0%96%D2%AF%D1%80%D0%B3%D0%B5%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0
5. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88_%D2%9B%D0%BE%D0%B7%D2%93%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D1%81%D1%8B
6. Карлаг: нәубет жылдардың жазылмас жарасы (естеліктер. – Қарағанды, 2010. - 2-том. - 252 б.
7. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88_%D2%9B%D0%BE%D0%B7%D2%93%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D1%81%D1%8B
8. <http://www.tarih-begalinka.kz/ru/timetravel/page3372/>

ВКЛАД АКАДЕМИКА К.И. САТПАЕВА В СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА

Маубаева Д.Е.

Научный руководитель: к.и.н., доцент А.Е. Даниярова
НАО «Қарағандинский технический университет имени Абылкаса Сағинова»
dilnaz.maubaeva@mail.ru
г. Қарағанда

В истории Казахстана известно множество выдающихся деятелей, внёсших значительный вклад в развитие страны, мысли и достижения которых – это фундаментальное наследие государства. Одной из таких личностей является академик К.И. Сатпаев – основоположник академической науки Казахстана.

В настоящее время особую значимость и актуальность приобретают вопросы исследования научной, организаторской, общественно-политической деятельности казахской национальной интеллигенции начала XX в., их роль в развитии науки и культуры государства. В текущем году, 12 апреля, общественность Казахстана отметила 125-летие со дня рождения выдающегося советского и казахстанского ученого, государственного и политического деятеля – академика Каныша Имантаевича Сатпаева.

Цель работы – изучение научного наследия академика К.И. Сатпаева, внесшего огромный вклад в становление и развитие академической науки Казахстана.

«Наука с ее строгим анализом реальных фактов, настойчивыми поисками новых, более совершенных истин и решительной борьбой против осознанных ошибок и предрассудков должна пропитать всю нашу технику, культуру и быт», отмечал академик А.Ф. Иоффе [1].

Сложно не согласиться с данным высказыванием, ведь оно выражает саму суть науки, цель которой – искоренить незнание и предрассудки. Только благодаря знаниям, обучению и передаче опыта мы сможем построить достойное будущее.

Огромное место в научно-исследовательской биографии ученого занимают его разработки теоретического и прикладного характера в области геологии, благодаря его колоссальному труду на территории Казахстана были открыты крупнейшие меднорудные месторождения.

Каныш (Габдулгани) Имантаевич Сатпаев ученый-геолог, доктор геолого-минералогических наук, организатор и первый президент Академии Наук Казахской ССР, академик АН СССР родился 12 апреля 1899 г., в ауле № 4 Аккелинской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области (ныне Баянаульский район Павлодарской области) в семье бия. При рождении младенца нарекли именем Габдулгани, однако его мама Алима стала звать его ласково Ганыш, Каныш.

«Он с детства любовался нагромождениями гор, слушал, как бормочут горные потоки по ущельям, дышал терпким, как весенний кумыс, воздухом, настоящим на травах и цветах. Суровая и нежная природа Казахстана баюкала его, растила ему орлиные крылья» [2, с.239].

В студенческие годы начало формироваться научно-инженерное мировоззрение К. Сатпаева под благотворным влиянием сибирской школы геологов, и особенно велика роль профессора М.А. Усова.

Крупным событием в культурной жизни республики явилось учреждение Академии наук Казахской ССР, 1 июня 1946 г. состоялась официальная церемония ее открытия, первым президентом которой был избран академик К.И. Сатпаев.

К концу 1950 г. в системе Академии наук Казахской ССР действовало уже 50 научно-исследовательских учреждений, в том числе 19 институтов, 13 секторов, 2 музея, обсерватория, 3 ботанических сада и 8 научных баз. Успехи казахстанских ученых были высоко оценены Советским правительством, Государственные премии СССР были присуждены:

- в 1946 г. – В.А. Бальмонт, Е.В. Сноповой;
- в 1948 г. - Н.В. Павлову, Г.Ц. Медоеву, Г.Л. Кушеву;
- в 1951 г. - Г. Галузо, А.И. Жандеркину, А.И. Исенжолову [3, с. 327].